

Исатай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Исатай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 4 қарашадағы № 56 -VI шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 2 желтоқсанда № 3692 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай аудандық мәслихатының 2019 жылғы 2 шілдедегі № 252-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай аудандық мәслихатының 02.07.2019 № 252-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық Кодексінің 19-1 бабының 1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына және "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 10030 санымен тіркелді) сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Исатай ауданы бойынша коммуналдық алдықтардың түзілу және жинақталу нормалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың бюджет, қаржы, экономика, кәсіпкерлікті дамыту, аграрлық мәселелер және экология жөніндегі тұрақты комиссиясына (А. Рахметов) жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Исатай аудандық мәслихатының
кезектен тыс VII сессиясының
төрағасы*

Аудандық мәслихат хатшысы

Р. Абшеев

Н. Мұханбеталиев

Аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 4 қарашадағы кезектен тыс VII сессиясының № 56- VI шешіміне қосымша

Исатай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормасы

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылына 1 есептік бірлікке келетін м ³ коммуналдық қалдықтарының жинақталу нормасы
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,971
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және тағы сол сияқтылар	1 орын	0,65
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	3,65
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,32
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,912
6	Емханалар	1 адам	0,0073
7	Ауруханалар, санаторийлер, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	2,774
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,073
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отырғызылатын орын	1,825
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отырғызылатын орын	0,36
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м ²	0,025
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,015
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,0073
14	Азық-түлік дүкендері	Сауда алаңы 1 м ²	1,095
15	Машиналардан сату	Сауда орны 1 м ²	0,036
16	Өнеркәсіптік дүкендер, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м ²	1,095
17	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м ²	2,55
18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м ²	0,073
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,36
20	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 га	7,3
21	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м ²	0,73

22	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	1,82
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0,43
24	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	4,38
25	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м ²	0,014
26	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,036

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК